



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Индербор кенті

поселок Индерборский

19.01.2021 ж. №6

**Н.Рахметуллинаның
қызметі туралы**

Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 47 бабына және Атырау облысының әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №267 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Индер аудандық білім бөлімінің Қ.Абаханов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Рахметуллина Нуржамал Тухбатуллаевна 2021 жылдың 19 қаңтардан бастап атқарып отырған қызметінен босатылып, 2021 жылдың 19 қаңтардан бастап қайта ұйымдастырылған «Атырау облысы Білім беру басқармасының Индер ауданы білім бөлімінің «Қ.Абаханов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметіне тағайындалсын.

2. Қ.Абаханов атындағы орта мектебінің директоры Н.Рахметуллинаға барлық мемлекеттік, қаржы құжаттарына – келісім-шартқа, азаматтық-құқықтық және қосымша келісімдерді тіркеуге, хабарламаға, төлеуге берілетін шоттарға, оның тізіліміне, төлемдер бойынша мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспары, бюджеттің төлемдері, міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтамаларға, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісіне, шот-фактураға, хабарлама шотқа – бірінші болып қол қою құқы берілсін.


3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөлімінің кадр жөніндегі бас маманы А.Жалмухановаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Бөлім басшысы:



О.Дилмукашева



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

21.09.2020 ж. №122

Индербор кенті

поселок Индербор

Қ.Абаханов атындағы орта
мектебінің директорын
тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 21 бабының 2 тармағына және «Білім туралы» Заңының 5 бабының 35 тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 мамырдағы №213 «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мектепке дейінгі, орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жалпы білім беретін орта мектептің бос лауазымына орналасу жөніндегі конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісінің 2020 жылғы 17 қыркүйектегі №5 хаттамасы негізінде 2020 жылдың 21 қыркүйегінен бастап Қ.Абаханов атындағы орта мектебінің директоры болып Рахметуллина Нуржамал Тухбатуллаевна тағайындалсын.

2. Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мектепке дейінгі, орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларына сәйкес мектеп директоры Н.Рахметуллинамен еңбек шарты жасалсын.

3. Қ.Абаханов атындағы орта мектебінің директоры Н.Рахметуллинаға барлық мемлекеттік, қаржы құжаттарына, келісім-шартқа, азаматтық – құқықтық және қосымша келісімдерді тіркеуге, хабарламаға, төлеуге берілетін шоттарға, оның тізіліміне, төлемдер бойынша мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспары, бюджеттің төлемдері, міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтамаларға, орындалған жұмыстардың көрсетілген қызметтердің актісіне, шот –фактураға, хабарлама шотқа-бірінші болып қол қою құқы берілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалысын бақылау бөлімінің бас маманы
А.Жалмухановаға тапсырылсын.

Бөлім басшысы:



О.Дилмукашева